



## ДЖЕКИ ЧАН ҚАЗАҚСТАНДА

3-БЕТ



## ШЕБЕРЛЕР ШАҺАРЫ

6-БЕТ



### Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау туралы

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді.

Құрылтай депутаттары бес жыл мерзімге сайланады.

Құрылтайдың құрамына Сайлау туралы Конституциялық заңда белгіленген тәртіппен біртұтас жалпыұлттық сайлау округінің аумағы бойынша партиялық тізімдер бойынша сайланатын 145 депутат кіреді.

Сайлау жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы өткізіледі.

Жиырма бес жасқа толған және елдің аумағында соңғы он жыл бойы тұрақты тұрып жатқан Қазақстан Республикасының азаматы депутат бола алады.

Партиялық тізімде әйелдердің, жастардың және мүгедектігі бар адамдардың жиынтық үлесі оған енгізілген адамдардың жалпы санының кемінде 30 пайызын құрауға тиіс.

Партиялық тізімде адамдарды орналастыру тәртібін саяси партиялар дербес айқындайды.

Жаңару үшін дауыс бер!

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы.



9 772223 237006 >

## МЕГАПОЛИС



# АЛМАТЫНЫҢ БАСТЫ АЛАҢЫ ажарлана түсті

**Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды Республика алаңын көрік-Аттендіру жұмысының нәтижесімен танысты. Жұмыс сапары барысында шаһар басшысына қайта жаңартылған алаңмен қатар Сәтбаев көшесіндегі кешенді көркейту жобасының жүзеге асырылу барысы баяндалды.**

Жобаның тұжырымдамасын Ұлыбританияның Лондон қаласындағы LDA Design компаниясы әзірлеген. Бұл жұмысты Алматы қаласының Қоғамдық кеңістіктерді дамыту басқармасы «қасбеттен қасбетке дейін» қағидаты негізінде жүргізді. Республика алаңында жалпы көлемі 4,5 гектар аумақ көріктендірілген. Заманауи, қауіпсіз әрі жайлы орта қалыптастыруды басты мақсат еткен жоба негізінен жүргіншілерге көбірек басымдық бере отырып жасалған.

Алаңда қоғамдық кеңістіктің жабындары толық ауыстырылып, инженерлік желілер, сыртқы жарықтандыру және автоматтандырылған суару жүйесі заман талабына сай жаңғыртылды. Құрылыс барысында пайдалану мерзімі 10 жылдан астын заманауи, төзімді материалдар қолданылды. Бұл алдағы уақытта аумақты күтіп-ұстау шығынын айтарлықтай азайтуға мүмкіндік береді.

Көгалдандыру жұмыстары кең көлемде жүргізілді. Алаңға 233 ірі ағаш, 63 мыңнан астам бұта және 17,7 мың көпжылдық өсімдік егіліп, көгалдар мен

беде жамылғысы төселді. Кешкі уақытта жасыл желек сәулеттік-көркем жарықпен әрленіп, қоғамдық кеңістіктің ажарын аша түседі. Сонымен бірге, аумаққа 129 заманауи жарық шамы орнатылып, алаң толық жарықтандырылды.

Тұрғындардың жайлы демалысы үшін заманауи балалар ойын алаңдары, серуендеу жолдары, демалыс аймақтары және екі амфитеатр салынды. Велосипед жолақтары да жасалып, олар болашақта Сәтбаев көшесі бойымен өтетін бірыңғай веложол желісінің құрамына енеді. Бұдан бөлек, орындықтар, қоқыс жәшіктері, велосипед тұрақтары, үстелдер, креслолар, ландшафтық жиһаздар, аркалар және басқа да шағын сәулет нысандарын қамтитын 500-ден астам көріктендіру элементі орнатылды.

Жаңартылған алаңның басты ерекшеліктерінің бірі – қоғамдық кеңістіктің жаңа ландшафтық келбетін айшықтайтын сегіз сәндік су айдыны. Бұған қоса, бұрыннан бар субұрқақтар толық жөндеуден өткізіліп, заманауи жаңа субұрқақ кешендері салынды. Олар қала тұр-

ғындары мен қонақтарының сүйікті демалыс орындарының біріне айналмақ.

Жоба аясында көлік және жаяу жүргінші инфрақұрылымын жетілдіруге де ерекше көңіл бөлінді. Сәтбаев көшесінде жаңа қоғамдық көлік аялдамасы пайдалануға беріліп, қаланың әкімшілік әрі іскерлік орталығына қатынау мүмкіндігі жақсарды. Сонымен қатар, қосымша бағдарламалар орнатылып, реттелетін жүргіншілер өткелдері жасалды және халықтың барлық санатына қолайлы кедергісіз орта қалыптастырылды.

Жобаны іске асыру барысында ескі жабындар алынып, жаңа инженерлік коммуникациялар тартылды, автоматты суару жүйесі, павильондарға арналған негіздер және басқа да қажетті құрылыс жұмыстары орындалды.

Толық аяқталған соң Сәтбаев көшесі бойында біртұтас заманауи қоғамдық кеңістік қалыптасады. Ал жаңарған Республика алаңы Алматының ең көрікті әрі тартымды қоғамдық орындарының бірі ретінде тұрғындар мен қала қонақтарына серуендеуге, тынығуға, спортпен айналысуға, мәдени іс-шаралар мен мерекелік басқосулар өткізуге қолайлы мекен болмақ.

Гүлжанат СЕМБАЕВА.

YKIMET

# ИНВЕСТИТОРЛАРМЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

## Инвестициялық ахуалды жақсарту жөніндегі кеңестің отырысы өтті

**Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Инвестициялық ахуалды жақсарту жөніндегі кеңестің отырысында Қазақстан Үкіметі мен халықаралық іскер топтар арасындағы өзара іс-қимылды нығайту мәселелері талқыланды. Сондай-ақ, цифрландыру және жасанды интеллект салаларындағы инвестициялық мүмкіндіктер қаралды.**

Жиында Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясының күшіне енуіне және инвестициялық ынтымақтастықты арттыру үшін ашылатын жаңа мүмкіндіктерге назар аударылды.

«Біздің бүгінгі кездесуіміз еліміз үшін тарихи кезеңде өтіп отыр. Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың басшылығымен Қазақстан өзінің даму жолында мүлде жаңа дәуірге қадам басты. Жалпыұлттық референдумда қабылданған Конституция Әділетті және Озық Қазақстанды құруға бағытталған ауқымды реформаларды жүйелі түрде жалғастыруға жол ашатын нағыз ұлт Жарғысына айналды. Бүгінде бүкіл құқықтық жүйені қайта жаңғырту жұмыстары жалғасуда. Оның аясында экономиканың дәйекті әрі орнықты дамуын қамтамасыз ету көзделіп отыр», – деп атап өтті Олжас Бектенов.

Сондай-ақ, Премьер-министр президенттік реформалардың жұртшылық тарапынан жаппай қолдауға ие болып жатқанын ерекше атап өтті. Соңғы әлеуметтік сауалнама нәтижелеріне сәйкес, ел азаматтарының 87%-дан астамы Қазақстанның дұрыс бағытта дамып келе жатқанына сенімді. Бұл халқымыздың жүзеге асырылып жатқан ауқымды реформалардың нақты нәтижесін шын мәнінде сезініп отырғанын көрсетеді.

Отырыста цифрландыруды дамыту және жасанды интеллекті енгізу жөніндегі процестер қаралды. Олар бүгінде инвестиция үшін күресте елдердің бәсекеге қабілеттілігін анықтауда маңызды рөлге ие.

Президент Жарлығымен 2026 жыл Қазақстанда Цифрландыру және жасанды интеллект жылы болып жарияланды. Мәселен, жаңа Конституцияға азаматтар-



дың цифрлық құқықтары ресми түрде енгізіп, 2029 жылға дейінгі Digital Qazaqstan жалпыұлттық Стратегиясы бекітілді, Цифрлық кодекс, «Жасанды интеллект туралы» Заң, «Киберқауіпсіздік туралы» Заң қабылданды. Сонымен қатар, сенімді трансшекаралық деректер алмасу үшін заманауи реттеу тетіктері енгізілуде. Олардың арасында Cloud First Policy және Data Embassy да бар. «ДҒО алқабы» флагмандық жобасы аясында Қазақстан Firebird AI-мен ЖИ-инфрақұрылымын дамыту бойынша \$10 млрд.-қа келісім жасады. Жалпы, осы бағыттағы бизнес мәселелерін жедел шешу үшін Үкімет жанында цифрлық штаб жұмыс істейді.

«Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев толыққанды цифрлық ел құру міндетін қойып отыр. Цифрлық трансформация мен ЖИ-ді дамыту – біз үшін тұрақты экономикалық өсудің, мемлекеттік басқарудың тиімділігін және азаматтардың өмір сүру сапасын арттырудың маңызды элементі. Біз шетелдік әріптестердің еліміздің іскерлік ахуалын нығайтуға қосқан үлесін жоғары бағалаймыз. Үкімет өзара тиімді нәтижелерге қол жеткізу үшін барлық саладағы инвесторлармен сындарлы диалогке ашық», – деп атап өтті Премьер-министр.

Отырыс барысында Қазақстандағы Америка Сауда палатасының атқарушы директоры Джефф Эрлих, АҚШ-тың Қазақстандағы елшісі Джули Стаффт және бизнес өкілдері сөз сөйледі. Джули Стаффт елдер арасындағы сауда-инвестициялық ынтымақтастықтың жоғары деңгейін, сондай-ақ цифрлық реттеу, бұлтты технологияларды дамыту, дербес деректерді өңдеу және трансшекаралық деректерді беру мәселелері бойынша Үкімет пен бизнес-қоғамдастық арасындағы ашық диалогтың маңыздылығын атап өтті.

Халықаралық бизнес-қоғамдастық атынан Baker McKenzie серіктесі, AmCham Цифрландыру комитеті кеңесінің мүшесі Андрей Ерш, Apple компаниясының Орталық Азия, Армения, Моңғолия бойынша мемлекеттік саясат және мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл бөлімінің басшысы Әділхан Қопабаев, Siemens Kazakhstan компаниясының бас директоры Дияс Асанов және Honeywell компаниясының Орталық Азия елдері бойынша президенті Артур Нигматьянов ұсыныстарын айтты.

Компания өкілдері Цифрлық кодексті іс жүзінде жүзеге асыру, онлайн-платформаларды реттеу, жария «бұлтты» шешімдерді дамыту, дербес деректерді қорғау,

киберқауіпсіздік, жасанды интеллектті қолдану, өнеркәсіп процестерін цифрландыру және реттеу тиімділігін арттыру мәселелерін көтерді.

Аталған бағытта жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы жасанды интеллект және цифрлық даму вице-министрі Ғиззат Байтұрсынов, сондай-ақ мәдениет және ақпарат бірінші вице-министрі Қанат Ысқақов пікір білдірді.

Жиын отырысының қорытындысы бойынша, Премьер-министр Олжас Бектенов Қазақстан ұзақмерзімді инвестициялар үшін ашық әрі болжамды ел болып қала беретінін атап өтті. Үкімет ел экономикасының цифрлық трансформациясын тереңдетуге ниетті және цифрлық реттеуді жетілдіру, пайдаланушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, инновациялық инфрақұрылымды дамыту және инвесторлар үшін болжамды жағдайлар жасау мәселелері бойынша бизнес-қоғамдастықпен одан әрі өзара іс-қимылға дайын. Жауапты мемлекеттік органдарға айтылған ұсыныстар мен ұсынымдарды зерделеп, оларды жұмыс барысында ескеру тапсырылды.

**«АҚШАМ-АҚПАРАТ».**

(Дереккөз: ҚР Премьер-министрінің ресми сайты).

САЯСИ НАУҚАН

## Азаматтарды сайлаушылар тізімдеріне енгізу туралы

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді.

Сайлаушылардың тізімдерін тұрғылықты жері бойынша тиісті жергілікті атқарушы орган жасайды.

Сайлаушылар тізімдеріне дауыс беру күніне он сегіз жасқа толған, белсенді сайлау құқығына ие және тұрғылықты жері бойынша тиісті сайлау учаскелерінің аумағында тіркелген Қазақстан Республикасының азаматтары енгізіледі.

Уақытша тіркелген азаматтар сайлаушылар тізімдеріне жергілікті атқарушы органға берген олардың өтініші негізінде дауыс беру күніне дейін отыз күннен кешіктірмей немесе 2026 жылғы 23 шілдеге дейін енгізіледі.

Әкімдік азаматты дауыс беретін сайлау учаскесінің сайлаушылар тізіміне енгізуді және оны тіркелген жері бойынша сайлаушылар тізімінен шығаруды ұйымдастырады.

Азамат тек бір ғана сайлаушылар тізіміне енгізіле алады.

2026 жылғы 7 тамыздан бастап сайлаушыларға тиісті әкімдіктің интернет-ресурсы немесе байланыс орталығы арқылы нақты сайлау учаскесіндегі сайлаушылар тізімінде өзі туралы деректерді тексеру мүмкіндігі беріледі.

Сайлаушыларға қолайлы болуы үшін электрондық сервистер арқылы сайлау учаскесі туралы хабарландыру ұйымдастырылады.

Жаңару үшін дауыс бер!

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы.

# ҚҰРЫЛТАЙ

## 23 тамыз




### ЖАҢАРУ ҮШІН

### ДАУЫС БЕР!

[www.election.gov.kz](http://www.election.gov.kz)

## Дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәлігі

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді.

Қазақстан азаматтары тиісті сайлау учаскелерінің аумағындағы тұрғылықты жері бойынша дауыс береді.

Сайлаушы өзінің болатын жерін ауыстырған кезде дауыс беру күніне он бес күн қалғанда немесе 2026 жылғы 7 тамыздан бастап учаскелік сайлау комиссиясына өз өтініші бойынша және жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәлігін ала алады.

Есептен шығару куәліктерін беру дауыс беру күнінен бір күн бұрын, яғни 2026 жылғы 22 тамызда жергілікті уақыт бойынша сағат он сегізде тоқтатылады.

Есептен шығару куәлігін сенімхат бойынша алуға рұқсат етіледі. Сенімхатты нотариатта куәландыру талап етілмейді.

Есептен шығару куәлігі жоғалған жағдайда ол қалпына келтірілмейді және оның телнұсқасы берілмейді.

Дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәлігі бір елдімекеннің шегіндегі басқа сайлау учаскесінде дауыс беруге қатысқысы келетін сайлаушыларға берілмейді.

Уақытша болатын жері бойынша сайлау учаскесінде дауыс беру кезінде учаскелік сайлау комиссиясы сайлау күні сайлаушыны жеке басын куәландыратын құжаттың негізінде сайлаушылар тізіміне енгізіп, есептен шығару куәлігінің орнына дауыс беруге арналған бюллетень береді.

Жаңару үшін дауыс бер!

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы.

# Джеки Чан Қазақстанда

## жаңа киносын түсіреді

Салтанатты іс-шараға ҚР Премьер-министрінің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева, Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды, Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиев, сондай-ақ қазақстандық және халықаралық киноиндустрия өкілдері қатысты.

Үкімет басшысының орынбасары Джеки Чанның Қазақстан мен Қытай арасындағы мәдени-гуманитарлық байланыстарды дамытуға қосып отырған үлесін жоғары бағалады.

«Қазақстан мәдениетін әлемдік аренада танытуға және екі ел арасындағы мәдени-гуманитарлық байланысты нығайтуға қосып отырған үлесіңіз үшін Сізге алғыс білдіремін. Алдағы түсірілім жұмыстарына сәттілік, жаңа шығармашылық табыстар тілеймін», – деді Аида Балаева.

Кездесу барысында Джеки Чан Алматының талантты жас суретшілерімен және Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының түлектері – жас кинематографистермен әңгімелесті. Ол жастарға шығармашылық жолда табыс тілеп, үздіксіз ізденіспен өз ісіне деген сүйіспеншіліктің маңызын атап өтті. Кездесу соңында балалар әйгілі актерге өздері салған портреттерді тарту етті.

Іс-шара соңында қатысушылар дәстүрлі түсірілім

тақтайшасымен естелік суретке түсті. Осылайша фильм өндірісінің ресми басталғаны айшықталды.

Жоба ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің және Қытайдың мемлекеттік кинокомпаниясы China Film Group Corporation-ның қолдауымен жүзеге асырылуда. Фильм өндірісімен қазақстандық Səlem Entertainment компаниясы және гонконгтық Billion Target компаниясы айналысады.

Фильм түсірілімі 2026 жылғы шілде мен қазан айлары аралығында Қазақстан аумағында өтеді. Картинаның қоюшы-режиссері – қазақстандық Роберт Кун. Туынды кең халықаралық прокатқа бағытталған. Негізгі түсірілім алаңдары Алматы қаласында, Алматы және Маңғыстау облыстарында орналасады.

Бұл жоба Қазақстан үшін стратегиялық әрі имидждік тұрғыдан маңызды. Оның жүзеге асырылуы еліміздің мәдени, туристік және инвестициялық әлеуетін ілгерілетуге, кинотуризмді дамытуға, халықаралық ынтымақтастықты нығайтуға және Қазақстанды әлемдік деңгейдегі ірі киножобаларды түсіруге қолайлы заманауи алаң ретінде кеңінен танытуға ықпал етеді.

Дана САДЫРҚАН.  
Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

**Кеше Алматы қаласында әлемдік кино жұлдызы Джеки Чанның қатысуымен түсірілетін «Құдайдың құрыш сауыты: Ақтық шешім» (Armour of God: Ultimatum) халықаралық көркем фильмінің өндірісін ресми түрде бастау рәсімі өтті.**



## «МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ»

### байқауының қалалық кезең жеңімпаздары анықталды



**Алматыда «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауының қалалық комиссиясының отырысы өтті. Онда аудандық кезеңдердің қорытындысы шығарылып, қалалық финалға жолдама алған отбасылар анықталды.**

«Мерейлі отбасы» ұлттық байқауы – отбасы институтын нығайтуға, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге және өнегелі отбасыларды қоғамға үлгі етуге

бағытталған маңызды жоба. Байқау аясында еңбекқорлық, өзара сыйластық, ұрпақтар сабақтастығы, бала тәрбиесіндегі жауапкершілік пен рухани

құндылықтарды дәріптеп жүрген отбасылардың тәжірибесі насихатталады.

Биыл да Алматы қаласында ұлттық конкурсқа қатысу үшін тұрғындардан өтінімдер қабылданып, байқауды ұйымдастыру және жеңімпаздарды анықтау мақсатында арнайы қалалық комиссияның құрамы бекітілген болатын. Қалалық кезеңде әр ауданнан іріктеуден өткен үздік отбасылардың жетістігі, мақсат-мұраты, ұстанымы таныстырылды. Комиссия мүшелері үміткер отбасылардың бірлігіне, өзара сыйластығына, рухани үйлесіміне және өздерінің ерекше өмір жолын қаншалықты шынайы әрі әсерлі таныстыра алғанына назар аударды.

Биыл байқауға алматылықтардың қызығушылығы бұрынғыдан да арта түскен көрінеді. Комиссия мүшелерінің айтуынша, жобаға қатысуға ниетті отбасылар саны жыл сайын көбейіп келеді. Мәселен, былтыр қала бойынша шамамен 250 өтінім қабылданса, биыл олардың саны 262-ге жеткен. Орта есеппен әр ауданнан 30-ға жуық отбасы қатысқан.

Іріктеу нәтижесінде қаланың сегіз ауданының әрқайсысынан екі-екіден үздік отбасы таңдалып, барлығы 16 отбасы қалалық кезеңге жолдама алған болатын. Енді бүгін сегіз отбасының мерейі үстем болды. Сол жеңімпаздар-

дың арасынан оза шапқан мерейлі отбасы алдағы тамызда белгілі болып, салтанатты түрде марапатталады.

Алматы қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі әрі ұлттық байқау комиссиясының мүшесі Марат Қали молдин іріктеу кезеңінің ерекшеліктері мен байқауға қатысушыларды шабыттандыратын басты құндылықтар туралы айтып өтті.

– «Мерейлі отбасы» байқауы – үздік отбасыларды марапаттау ғана емес, қоғамдағы отбасы құндылықтарын нығайтатын маңызды бастама. Осындай өнегелі әулеттердің тәжірибесі жас отбасыларға үлгі болып, ұрпақ тәрбиесіне оң ықпал етеді. Сондықтан бұл байқаудың әлеуметтік маңызы жыл сайын артып келеді. Мен үшін ең маңыздысы – отбасында мейірімділік, қайырымдылық және бір-біріне деген құрмет, қолдау үстем болғаны абзал. Биылғы бағалау талаптары бұрынғыға қарағанда оңтайлы болды. Мәселен, былтыр Жұмысшы мамандықтары жылы аясында еңбек әулеттеріне басымдық берілсе, биыл қатысушыларға қатысты нақты әрі қатаң талаптар қойылған жоқ, – деді ол.

Айта кетейік, «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауы жыл сайын өткізіліп келеді. Оның басты мақсаты – қазақстандық отбасының имиджін қалыптастыру, бақыты тасыған шаңырақты кеңінен насихаттау, отбасы мәртебесін көтеру және қоғамдағы адамгершілік пен рухани құндылықты нығайту.

Нұржамал ӘЛІШ.  
Сурет: Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

**Қалада еңбек заңнамасының сақталуын бақылау мен халықты жұмыспен қамту бағытындағы жұмыстар биыл да қарқынды жалғасып жатыр. Жылдың алғашқы алты айында мемлекеттік еңбек инспекторлары жүздеген тексеру жүргізіп, еңбек құқығының бұзылуына жол берген жұмыс берушілерге әкімшілік шара қолданды. Сонымен қатар, өңірлік жұмыспен қамту картасы аясында жыл соңына дейін 51 мыңнан астам жаңа жұмыс орнын ашу жоспарланып отыр.**

Алматы қаласы бойынша Мемлекеттік еңбек инспекциясы департаменті басшысының міндетін атқарушы орынбасары Талғат Үмбетияровтың айтуынша, биылғы алғашқы жарты жылдықта департаментке жеке және заңды тұлғалардан 6206 өтініш келіп түскен. Осы кезеңде мемлекеттік еңбек инспекторлары 566 жоспардан тыс тексеру жүргізіп, еңбек құқықтарының сақталуына қатысты 17 профилактикалық бақылау ұйымдастырған. Бұл туралы ол Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясында айтты.

Тексеру барысында еңбек заңнамасының 614 бұзушылығы анықталды. Оның ішінде 588 жағдай еңбек қатынастарына, 23 жағдай еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауға, ал үш жағдай халықты жұмыспен қамту туралы заңнаманың сақталмауына қатысты болған. Анықталған заң бұзушылықтарды жою үшін жұмыс берушілерге 389 нұсқама беріліп, оның 266-сы толық орындалған. Нәтижесінде орындалу көрсеткіші 68,4%-ды құрады. Сонымен қатар, 309 жеке және заңды тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылып, жалпы көлемі 63,9 миллион теңге айыппұл салынды. Оның 37,7 миллион теңгесі мемлекет пайдасына өндірілген.

Өндірістегі қауіпсіздік мәселесі де департаменттің тұрақты бақылауында. Жыл басынан бері Алматыда өндірісте 51 жазатайым оқиға тіркеліп, 51 қызметкер зардап шеккен. Оның ішінде 27 адам ауыр жарақат алып, 21 адам жеңіл жарақат алған.

Еңбек құқықтарын қорғау бағытындағы маңызды жұмыстардың бірі – жалақы бойынша берешекті өндіріп алу. Биылғы алты айда қаладағы 53 кәсіпорында жалпы сомасы 59,4 миллион теңге жалақы қарызы өтеліп, 105 қызметкердің құқығы қорғалды. Қазіргі уақытта төрт кәсіпорынның 73 қызметкер алдындағы жалақы қарызы 97,3 миллион теңгені құрап отыр.

Баспасөз конференциясында еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесіне (ЕШЕБЖ) қатысты талаптар да

**ЕҢБЕК ИНСПЕКЦИЯСЫ БӨЛІМІ:**



**53** кәсіпорында 59,4 млн теңге жалақы қарызы өтелді



**ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ БӨЛІМІ:**



**34** мыңға жуық жұмыссыз тіркелген

**1908** бос жұмыс орны жарияланған

# ЕҢБЕК НАРЫҒЫ КҮШЕЙДІ

ерекше айтылды. Мәліметке сәйкес, Алматы қаласында 73 592 қызметкер туралы ақпарат әлі күнге дейін жүйеге енгізілмеген. 2026 жылғы 12 наурыздан бастап күшіне енген заңнамалық өзгерістерге сәйкес, еңбек шарттары туралы мәліметті уақытылы енгізбеген, толық емес немесе қате ақпарат берген жұмыс берушілер әкімшілік жауапкершілікке тартылады. Алғаш рет құқық бұзған жағдайда лауазымды тұлғаларға 30 АЕК-тен бастап, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне дейін 150 АЕК көлемінде айыппұл қарастырылған.

Сонымен қатар, Алматыда халықты жұмыспен қамту көрсеткіштері де оң динамика көрсетіп отыр. Еңбек мобильділігі орталығы директорының орынбасары Әділет Жаңабаевтың айтуынша, өңірлік жұмыспен қамту картасы аясында биыл

кемінде 51 мың жаңа жұмыс орны ашылды. Оның 45,3 мыңы немесе 88,5 пайызы тұрақты жұмыс орындары болмақ.

Биылғы екінші тоқсанда жұмыс іздеп Еңбек мобильділігі орталығына 39,2 мың алматылық жүгінген. Оның 33,7 мыңы жұмыссыз мәртебесін алған. Осы кезеңде жұмыспен қамту шараларына 13,3 мың адам тартылып, 10 мың тұрғын тұрақты немесе субсидияланатын жұмыс орындарына орналастырылған.

Кәсіпкерлікті дамыту бағытында да нақты нәтижелер бар. «Бастау Бизнес» бағдарламасы бойынша 1,2 мың азамат қолдау алып, 2,1 мыңнан астам адам кәсіби білімін жетілдірген. Оның ішінде 1692 адам Skills.enbek онлайн платформасында, 375 адам офлайн форматта білім алған. Сонымен қатар, 9539 мектеп оқушы

сы мен студент кәсіптік бағдарлау шараларына қатысқан.

Жыл басынан бері мемлекеттік бағдарламалар мен кәсіпкерлік субъектілерінің жұмысының нәтижесінде 11 144 жаңа жұмыс орны құрылып, оның 98,9%-ы тұрақты жұмыс орны болған. Соған қарамастан, еңбек нарығында жұмыссыздар саны мен ресми жарияланған бос жұмыс орындарының арасында айтарлықтай алшақтық сақталып отыр. Бүгінде Алматыда шамамен, 34 мың жұмыссыз тіркелсе, enbek.kz электрондық еңбек биржасында небәрі 1908 бос жұмыс орны туралы хабарландыру жарияланған. Бұл көптеген жұмыс берушілердің бос жұмыс орындары туралы ақпаратты уақытылы енгізбейтінін көрсетеді.

**Дана САДЫРҚАН.**

## «Дамумен» бірге дамыңыз

**Алматыда былтыр «Даму» жалпы несие сомасы 315,7 млрд. теңге болатын 1,4 мың жобаны қолдады. Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз конференциясында «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорының Алматы қаласы бойынша бөлімшесінің директоры Жандос Нұрғазинов осылай деп мәлімдеді.**

Оның айтуынша, қор жұмыс істегелі бері қалада жалпы көлемі 2,6 трлн. теңгеден асатын шамамен, 21 мың жобаға қолдау көрсетілген. Былтыр 353 жоба 55,5 млрд. теңге көлемінде пайыздық мөлшерлемені субсидиялау түрінде қолдау тапқан. Сонымен қатар, 432 жоба 91,2 млрд. теңге сомасына кепілдендіру тетігін пайдаланса, тағы 589 жоба 168,9 млрд. теңге көлемінде жеңілдетілген қаржыландыруға ие болған. Мемлекет тарапынан қолдау көрсетілген жобаларды іске асырудың арқасында кәсіпкерлер 5,4 трлн. теңгенің өнімін өндіріп, қызмет көрсетті. Сонымен қатар, бюджетке 558 млрд. теңге салық түсті, 3,1 мың жаңа жұмыс орны құрылып, 21 мыңға жуық жұмыс орны сақталды.

Иә, экономиканың нақты секторы мемлекеттік қолдаудың басым бағыты. Қаржыландырудың жалпы көлемінің үштен бірінен астамы – 100,4 млрд. теңге өңдеу өнеркәсібіне бағытталды. Сондай-ақ, көлік және логистика, туризм, білім

беру мен денсаулық сақтау саласындағы жобаларға да елеулі қолдау көрсетілген.

Қолдау алғандардың шамамен, 90%-ы – микро және шағын кәсіпкерлік нысаны. Жобалардың 44%-ы әйел кәсіпкерлерге тиесілі екен. Бизнесіне қолдау жұмысы биыл да жалғасты. Өткен бес айдың өзінде жалпы сомасы 46 млрд. теңгеге жуық 304-тен астам шағын және орта бизнес жобасына қолдау көрсетілді.

Спикердің айтуынша, бүгінде кәсіпкерлерге қаржылық және қаржылық емес қолдау құралдары қолжетімді. Ең сұранысқа ие тетіктің қатарында несиелерді кепілдендіру, «Өрлеу» бағдарламасы аясындағы жеңілдетілген несиелеу, жылдық мөлшерлемесі 12,6% болатын лизингтік қаржыландыру (несие сомасы 7 млрд. теңгеге дейін, мерзімі 10 жылға дейін), сондай-ақ «Іскер аймақ» бағдарламасы бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялау механизмі бар.

Қаржылық қолдаудан бөлек, кәсіпкерлерге «бір терезе» қағидаты бойынша кенес те беріледі. Қор жанындағы фронт-офистерде «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның бизнесті қолдау бағдарламалары бойынша ақпарат алуға, сондай-ақ қаржыландырудың қолайлы құралдарын таңдауға көмек алуға болады.

«Біздің міндетіміз – мемлекеттік қолдау іс-шараларын бизнес ауқымы мен тұрғылықты өңіріне қарамастан әр кәсіпкер үшін барынша қолжетімді әрі түсінікті ету», – дейді Жандос Нұрғазинов.

**Нұржамал ӘЛІШ.**



## 14 мыңнан астам жас жұмыспен қамтылды

**Мегаполис халқының үштен бірін құрайтын жастар арасында жұмыспен қамту көрсеткіші артып келеді. 2026 жылдың бірінші тоқсанында NEET санатындағы жастардың үлесі 4,9%-ға дейін азайды.**

Алматыда жылдың басынан бері 14,3 мың жас жұмыспен қамтылды. Оның 10,6 мыңы тұрақты жұмысқа орналасса, тағы 3,7 мыңы уақытша жұмыспен қамтылды. Бұл туралы қалалық Жастар саясаты басқармасының өкілдері хабарлады.

Басқарманың мәліметінше, бүгінде

Алматыда 14 пен 35 жас аралығындағы 769,4 мың жас тұрады. Бұл – қала халқының 32 пайызы. Олардың 472,8 мыңы – жұмыспен қамтылған жастар.

Қалада еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтарға оқытуға ерекше көңіл бөлініп келеді. Жыл басынан бері 9,2 мыңнан астам жас оқудан өтті. Соның ішінде шамамен 4,1 мыңы жұмысқа орналасты. Сонымен қатар, «Жасыл ел» жобасы аясында 1,1 мың жас жұмыспен қамтылды.

Жыл соңына дейін кемінде 22 мың жасты жұмыспен қамтып, шамамен 12 мың адамды оқыту және кәсіби даярлау шараларымен қамту жоспарланып отыр.

**Гүлжанат СЕМБАЕВА.**

Инфографика: Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.

# ИНДУСТРИАЛДЫ СЕРПІН


**Қаламыздың индустриялық аймағы бүгінде еліміздегі ең ірі өндірістік кластерлердің бірі. Мұнда жүздеген кәсіпорын жұмыс істеп, миллиардтаған теңге инвестиция тартылып, мыңдаған жаңа жұмыс орны құрылып жатыр. Индустриялық аймақ өңдеу өнеркәсібін дамыту, импортты алмастыру және жоғары технологиялы өндірістерді қалыптастыру бағытында маңызды рөл атқаруда.**

Алматы қаласының Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Индустриялық аймақтың директоры Ерлан Жайлаубай өндірістік алаңның қазіргі жағдайы мен алдағы даму жоспарын таныстырды. Оның айтуынша, өңдеу өнеркәсібі Қазақстан экономикасының стратегиялық басым бағыты болып қала береді. Бұл сала шикізатқа тәуелділікті азайтып, қосылған құны жоғары өнім шығаруға және экономиканың тұрақты өсімін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Жалпы аумағы 695 гектар болатын индустриялық аймақтың 482 гектары инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға арналған. Алаң толық инженерлік және көлік инфрақұрылымымен қамтамасыз етілген. Қазіргі кезде мұнда 151 компания жұмыс істейді. Жарияланған инвестиция көлемі 914,2 млрд. теңгеге жеткен. Барлық жоба толық іске қосылған кезде 21,8 мыңнан астам тұрақты жұмыс орны құрылмақ. Айта кетейік, 2016 жылдан бері индустриялық аймақта жалпы құны 357 млрд. теңге болатын 57 инвестициялық жоба жүзеге асырылып, нәтижесінде 9674 тұрақты жұмыс орны ашылды.

## Экономикалық тиімділік

Осы уақыт ішінде кәсіпорындар 3,65 трлн. теңгенің өнеркәсіп өнімін өндіріп, бюджетке 115,8 млрд. теңге салық аударған. «Әр жаңа өнеркәсіптік жоба қала экономикасына мультипликативті



әсер береді. Бұл құрылыс, логистика, энергетика, шағын және орта бизнес салаларының дамуына, сондай-ақ отандық өнімдерге сұраныстың артуына ықпал етеді», – деді Ерлан Жайлаубай.

2025 жылы индустриялық аймақта жалпы құны 225 млрд. теңге болатын 14 жаңа жоба пайдалануға берілді. Соның нәтижесінде 4922 жаңа жұмыс орны ашылып, алты ірі өнеркәсіптік кәсіпорын іске қосылды. Солардың ең ірісі – қытайлық брендтердің жеңіл автокөліктерін шығаратын Astana Motors Manufacturing Kazakhstan зауыты. Бұл жоба автомобиль жасау саласын дамытуға, жергілікті қамту үлесін арттыруға, қосалқы бөлшек өндірушілердің кооперациясын кеңейтуге және экспорттық әлеуетті күшейтуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, арматуралық тор мен профилді құбыр өндіретін Kapital Construction, биологиялық жем қоспалары мен тыңайтқыш шығаратын BLACK BIOTECHNOLOGY, автокөлік шиналарын қайта өңдеп, резеңке-техникалық бұйымдар өндіретін ALTRA TYRES кәсіп-

орындары іске қосылды. Бұл жобалар құрылыс материалдарын өндіруді ұлғайтып, импортты алмастыруға, агроөнеркәсіп саласын дамытуға және өндірістік қалдықтарды қайта өңдеу арқылы экологиялық мәселелерді шешуге ықпал етеді.

## Шағын өнеркәсіптік парктер

Индустриялық аймақтың маңызды бағыттарының бірі – шағын өнеркәсіптік парктерді дамыту. Ерлан Жайлаубайдың айтуынша, бұл формат кәсіпкерлерге дайын өндірістік ғимарат пен инженерлік инфрақұрылымды ұсынып, жаңа кәсіпорындарды қысқа мерзімде іске қосуға мүмкіндік береді. Қазір Алматыда жалпы ауданы шамамен, 95 мың шаршы метр болатын 23 шағын өнеркәсіптік парк жұмыс істейді. Онда 101 шағын және орта өндірістік кәсіпорын орналасқан.

Бүгінде құны 46,9 млрд. теңге болатын 67 жаңа шағын өнеркәсіптік парк жобасы жүзеге асырылып жатыр. Жалпы аумағы 388,2 мың шаршы метрлік бұл жобалар

толық аяқталғанда 6564 жаңа жұмыс орны ашылады. Олардың басым бөлігі индустриялық аймақта орналасады. Мұнда 68 гектар жерге 63 жоба жүзеге асырылып, шамамен 46 млрд. теңге инвестиция салынады. Болашақ өндірістік ғимараттардың жалпы ауданы 373 мың шаршы метрден асады. Мамандардың пікірінше, шағын өнеркәсіптік парктер өндірісті бастауға кететін шығынды азайтып, инновациялық өндірістердің дамуына және жаңа өндірістік кооперациялардың қалыптасуына жол ашады.

## 11 жаңа жоба іске қосылады

Жыл соңына дейін жалпы құны 12,6 млрд. теңгелік 11 инвестициялық жобаны іске қосу жоспарланып отыр. Соның нәтижесінде тағы 691 жаңа жұмыс орны ашылады. Жобалардың қатарында жылу және сумен жабдықтау жүйелеріне арналған жабдық өндірісін кеңейту; Euro Truck Service логистикалық кешенін салу; ПВХ парақтарын шығаратын кәсіпорын ашу; газоблок пен ALC-панельдер өндірісін іске қосу; тұрмыстық қағаз өнімдерін шығаратын зауыт салу; металдан жасалған жол және көпір конструкцияларын өндіретін кәсіпорын құру көзделген.

Сонымен қатар, биыл жалпы ауданы 22 мың шаршы метрден асатын бес жаңа шағын өнеркәсіптік парк пайдалануға беріледі. Бұл тағы 400-ден астам жаңа жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді.

Алматы әкімдігі индустриялық аймақты кеңейтудің үшінші кезеңін де қолға алған. Жоспар бойынша өндірістік аймақ тағы 376 гектарға ұлғаяды. Қазіргі уақытта жалпы көлемі 323 гектар болатын жер телімдері сатып алынған. Жаңа аумаққа жоғары технологиялы өндірістер орналастырылып, жаңа инвесторлар тартылады. Нәтижесінде мыңдаған жаңа жұмыс орны ашылып, қала бюджетіне түсетін салық көлемі де арта түседі.

Дана САДЫРҚАН.

## «БАЛАЛАРЫМЫЗ

# БАСҚА АЛМАТЫДА ӨМІР СҮРЕДІ»

**Алматының қарбаласқа толы таңғы уақыты. Бауыржан Момышұлы көшесінің бойында автобус аялдамасында адамдардың қарасы қалың. Бәрінің ойында жұмысына уақытылы жету. Солардың бірі – осы ықшамауданда 10 жылдан бері тұратын Нұрлан аға. Өзі қала орталығында жұмыс істейді екен.**

Автобус күтіп тұрған сәтте дәл қарсы бетте қызу жүріп жатқан ЛРТ жұмысын көрсетіп:

– Мына қарқынды құрылысқа қарап, балалармыз «басқа Алматыда» өмір сүретініне сенемін. Олар біздей жұмысқа кептеліспен бара қоймас. Метро кеңейіп жатыр, ЛРТ салынып жатыр, жеке көлікпен жүрудің қажеті болмай қалады-ау. Қала шынымен өзгеріп келеді, – дейді.

Алматы көлік жүйесіндегі ең ауқымды жобалардың бірі – жеңіл рельсті көлік (ЛРТ). Қазіргі таңда жобаны іске асыру жұмыстары ресми түрде басталып, құрылыс қарқын алған. ЛРТ іске қосылғаннан кейін қаламызда тағы бір экологиялық таза, жылдам әрі сыйымдылығы жоғары қоғамдық көлік пайда болады. Ең бастысы, ол қаланың шалғай аудандарын орталықпен тікелей байланыстырып, күнделікті кептелісті азайтып, жолда кететін уақытты едәуір қысқартады.

Бүгінде Бауыржан Момышұлы көшесінің бойында жүріп жатқан жұмыс-



тар – осы болашақ өзгерістердің алғашқы көрінісі. Сонымен қатар, қаланың ең жылдам әрі сенімді қоғамдық көлігі саналатын метро жүйесін дамыту жұмыстары да қарқынды жалғасуда. Жаңа станциялар іске қосылған сайын қала шетіндегі тұрғындардың орталыққа қатынауы бұрынғыдан әлдеқайда жеңілдей түспек.

## Шаһар кеші

Алматының өзгерісі тек көлік инфрақұрылымымен шектелмейді. Бүгінде қаланың жарықтандыру жүйесі мен ғимараттардың сәулеттік келбетін жаңарту бағытындағы жұмыстар да жүйелі түрде

жүзеге асырылып келеді. Соның нәтижесінде мегаполистің ажары ашылып, тұрғындар үшін жайлы әрі қауіпсіз орта қалыптасуда.

Әсіресе, күн батқаннан кейінгі Алматының келбеті ерекше құлпырады. Соңғы жылдары көшелер, аулалар мен даңғылдардағы ескі шамдардың орнына заманауи жарықтандыру жүйелері орнатылуда. Жаңартылған шамдар қаланың көркін арттырып қана қоймай, жол қозғалысының қауіпсіздігін күшейтіп, тұрғындардың кешкі уақытта да еркін әрі қауіпсіз жүруіне қолайлы жағдай жасап отыр.

Мұндай өзгерістер, әсіресе, тұрғындардың қызу қолдауына ие болды. Кешкі уақытта жұмыстан үйіне қайтып бара жатқан Ақзер есімді жас ана да соңғы жылдардағы өзгерістерді ерекше атап өтті. Ол қала сыртындағы тұрғын үйлердің бірінде тұрады. Қызымен кешкі серуенге жиі шығатынын айтып:

– Бұрын кейбір аулалар мен көшелердің жарығы көңіл көншітпейтін. Қазір шамдардың жаңарғаны бірден байқалады. Балалармен кешке серуендегенде өзіңді әлдеқайда қауіпсіз сезінесің. Қала да жарық, көңіл де жайлы, – дейді.

## Болашақтың болмысы

Алматының сәулеттік келбетін жаңғырту жұмыстары да қарқын алған. Ескі ғимараттардың қасбеттері жаңартылып, заман талабына сай әрленуде. Нәтижесінде көшелердің сәні кіріп, қаланың тарихи ерекшелігі сақталған күйде заманауи сәулеттік үйлесім қалыптасып келеді. Бұл өзгерістер мегаполистің эстетикалық тартымдылығын арттырып қана қоймай, тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсартуға да оң ықпал етуде.

Құрылыс жұмыстарындағы техникалардың тынымсыз қозғалысы қаланың жаңа бір бет-бейнеге деген қадамындай елестейді. Алматы соңғы жылдары халық санымен қатар инфрақұрылымының сапасымен де өсіп келеді. Қаладағы әрбір жаңа құрылыс, әрбір жарықтандырылған көше немесе жаңарған ғимарат алматылықтардың өмір сапасын жақсартуға бағытталған инвестиция.

Бауыржан Момышұлы көшесінде кездескен Нұрлан ағаның «Балаларымыз басқа Алматыда өмір сүреді» деген сөзі бүгінде қалада жүріп жатқан өзгерістердің мәнін дәл сипаттайтын секілді. Алматылықтар әр күн сайын қаланың жаңа келбетін сомдап келеді.

Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ.

**Алматы Орталық Азиядағы Ақолөнердің үлкен орталығы болуға ұмтылуда. Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз мәслихатында Алматылық қолөнершілер палатасының өкілдері осылай деді.**



### Дәстүр сабақтастығы

«Алматылық қолөнершілер палатасы» қоғамдық қорының вице-президенті Дәмелі Жанашеваның айтуынша, қолөнер мәдени мұраның ажырамас бөлігі ғана емес, сонымен қатар ұлттық болмыс пен халықтың тарихи жадын сақтайтын маңызды құрал. Алматыда қазір сәндік-қолданбалы өнер, киіз бен ағаш шеберлері, зергерлер, суретшілер, керамистер, этно-дизайнерлер, сондай-ақ ұлттық музыкалық аспап жасайтын шеберлер еңбек етеді.

Кейінгі жылдары Алматының қолөнершілер қауымдастығы жаңа даму кезеңіне қадам басты. Біздің мегаполисте Қазақстан мен шетелден келген шеберлердің басын қосатын халықаралық фестивальдер, көрме мен жәрмеңкелер үзбей өтеді. Мәселен, Алматыға халықаралық World Craft City («Әлемдік қолөнер қаласы») мәртебесінің берілуі маңызды жетістіктің бірі болды. Бұл дәреже халықаралық ынтымақтастықты кеңейтіп, мәдени туризмді дамытып, өзіміздің қолөнер брендтерін әлемге танытуға жол ашып беріп отыр.

Дәмелі Жанашеваның айтуынша, ерекше мақтаныш тудыратын жайттардың бірі – Алматыдағы қолөнершілер палатасының құрамындағы шеберлердің қызметі. Солардың қатарында дәстүрлі әдіс пен заманауи көркемдік көзқарасты ұштастыратын KClay Pottery Studio қыш шеберханасының негізін қалаушы, суретші-керамист Сергей Катунцев те бар. Алматылық қолөнершілер палатасының мүшесі Есен Мұхтарұлы да қолөнер дәстүрінің сабақтастығын үзбей жалғап жүрген осындай шеберлердің бірі. Сонымен қатар, Толяти Зады мен Алматының басқа да қолөнершілерінің еңбегі ерекше аталып өтті.

Палата мүшелерінің арасында Асылбек Зейнішев пен Ботагөз Зейнішева негізін қалаған DARA Zerger зергерлік бренді де ерекше орын алады. Олардың шығарма-



# ШЕБЕРЛЕР ШАҒАРЫ

## Алматы әлемдік қолөнер қаласы болуға талпынады

шылығы қазақ зергерлік өнерінің осы заманғы дизайнерлік шешіммен үйлесіп, ұлттық негізін сақтай отырып дами алатынына дәлел.

«Осындай шеберлер мәдени мұраны сақтаушылар ғана емес, сонымен қатар креативті индустрияның дамуына серпін берушілер. Олардың дарыны, еңбегі мен өз ісіне адалдығы Алматының Әлемдік қолөнер қаласы ретіндегі халықаралық беделін нығайтып жатыр», – деп атап өтті Дәмелі Жанашева.

### Креативті шешімдер

Бүгінде қолөнершілер қауымдастығы алдында дәстүрлі қолөнерді сақтау және оны кеңінен насихаттау, сәндік-қолданбалы өнер шеберлерін қолдау, шығармашылық кәсіпкерлікті дамыту мен жастарды ұлттық мәдени мұраны зерделеуге тарту сияқты маңызды міндет тұрғанын да атап өтті. Жастармен жұмыс істеуге де көп көңіл бөлінген. Бұл бағытта шеберлік сабақтары, білім беру жобасы мен шығармашылық зертханалар ашылған.

Қазақстан қолөнершілері күніне арналған баспасөз конференциясында сурет-

ші-керамист, KClay Pottery Studio шеберханасының негізін қалаушы Сергей Катунцев те сөз алды. Оның айтуынша, қолөнер қазір көне мәдениеттің жұрнағы болып қана қоймай, осы заманғы креативті индустриямен де қатарласып дами бастаған. Шебердің өзі он жылдан бері керамикамен айналысып, саздың табиғи қасиеті мен ежелден келе жатқан күйдіру технологиясын зерттеп жүр екен.

«Бірегей туынды жасап қана қоймай, білгенімізді жас ұрпаққа жеткізіп, шығармашылыққа шабыттандырып, дәстүр мен қазіргі өнер арасындағы табиғи байланысты сақтап қалу – біздің мақсат», – дейді Сергей Катунцев.

Суретші Орталық Азияның көркемдік мұрасы – көне таңбаларға, петроглифтер мен тарихи белгілерге сүйеніп, оларды қазіргі өнердің көзімен жаңаша пайымдауға тырысқан. Шикізатты іріктеуден бастап дайын бұйымды күйдіруге дейінгі өндірісті толық меңгеріп шыққанын айтып отыр.

### Дара өнер

Ал DARA Zerger зергерлік брендінің негізін қалаушылар – Асылбек Зейнішев пен

Ботагөз Зейнішева дәстүрлі зергерлік өнердің маңызы, ұлттық қолөнер дәстүрін сақтау мен шеберлікті жас ұрпаққа аманаттап жеткізудің өзектілігі туралы айтып берді.

Асылбек Зейнішевтің айтуынша, зергерлік өнер жәй ғана кәсіп немесе бизнес емес, ол қазақ халқының қаншама ғасыр бойы қалыптасқан дәстүрінің жалғасы әрі ұлттық мәдени кодты сақтаудың да маңызды тетігі. «Қазақ әшекейді сәндік мақсатта ғана қолданбаған. Олар терең мағынаға ие болып, отбасының, береке-бірліктің, ұлттық өнерді ұрпақтан-ұрпаққа табыс ететін өнер сабақтастығының символы саналған», – дейді шебер.

DARA Zerger бренді қазақтың зергерлік өнерін жаңғыртып, оны жаңа көзқараспен дамыту мақсатында құрылған көрінеді. Бренд шеберлері өз жұмысында ұлттық мұра мен замандық дизайнерлік шешімді үйлестіре отырып, қазақ зергерлік өнерінің тарихи негізін сақтауға ұмтылатынын жеткізді. Спикердің айтуынша, білім мен тәжірибені жас ұрпаққа жеткізу қолөнердің дамуына ерекше ықпал етеді. Сондықтан жастармен жұмыс істеуге, жас дизайнерлер мен шеберлерді оқытып, студенттер мен шығармашыл жастар арасында дәстүрлі қолөнерді кеңінен насихаттауға басымдық беріледі.

DARA Zerger зергерлік шеберханасының дизайнері, Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының оқытушысы Ботагөз Зейнішева кейінгі он жылда Қазақстандағы қолөнер бұйымдарының сапасы мен түр-түрі едәуір артқанын айтты. Оның сөзінше, саланың дамуына көптеген фестиваль, көрмелер мен жәрмеңкелер серпін беріп келеді.

Брифинг соңында спикерлер қолөнер өнерін дамыту елдің мәдени бірегейлігін сақтауға, Алматының халықаралық беделін нығайтып, шығармашылықпен айналысатын азаматтарға жаңа мүмкіндік береріне сенім білдірді.

### Нұржамал ӘЛІШ.

Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.



# Ұсталардың қолындағы ҰЛЫ ҚАЗЫНА



**Халқымыздың дүниетанымында ұста ешқашан қарапайым кәсіп иесі саналмаған. Белгілі этнограф Ақселеу Сейдімбектің ұсталарды «дала инженерлері» деп сипаттауы да тегін емес. Себебі, олар ағашты да, темірді де, сүйекті де, теріні де қатар меңгерген нағыз «ағаштан түйін түйіп, темірді қамырша илеген». Қазақ арасында ұсталарға қатысты түрлі наным-сенімдер де сақталған. Кей өңірлерде олардың көрігін қасиетті санап, жас баланы шошынудан немесе тіл-көзден сақтау үшін көріктің түтініне аластаса, бұл ұстаның тек кәсіп иесі емес, руханы беделі жоғары адам болғанын көрсетеді. «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» деген мақал да осындайда еске түседі.**

Бүгінде технология дамып, өндіріс қарқын алған заманда қолөнерге деген көзқарас та өзгеріп келеді. Зауыттан шыққан дайын бұйымдар көбейді. Қолмен жасалған дүниенің бағасын түсінетіндер сирегендей көрінеді. Бірақ қазақ дала-сында ата кәсіпті аманат деп біліп, оны ұрпағына табыстап келе жатқан әулеттер әлі де бар.

Солардың бірі – исі қазаққа әйгілі ұсталар әулеті. Бұл әулеттен шыққан Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, этно-дизайнер, қолөнер шебері Дәркембай Шоқпарұлы ұлттық қолөнердің қайта жаңғыруына өлшеусіз үлесін қосты. Дәркембай Шоқпарұлын тек шебер ретінде тану аздық етеді. Байқасаңыз, ол тұтас бір мектептің, ғасырлар бойы үзілмеген ұсталық дәстүрдің заңды жалғасы.

## Балғаның үнімен өскен бала

Қазақ тарихында шеберлер шеруінің басында дәл осы Дәркембай Шоқпарұлы тұр. Ол 1946 жылы қазіргі Жетісу облысының Ақши ауылында дүниеге келген. Әкесі Шоқпар, ағалары Алдамберді мен Ахмет Жетісу өңіріне аты мәлім ұсталар еді. Шойын төстің шыңылы, балғаның үні бұл шаңырақта атадан балаға жалғасып келе жатқан төл дәстүрге айналып кеткен. Дәркембай әкесінің ұстаханасында жүріп еңбекке ерте араласады. Көрік басып, құрал-сайманын таси жүріп әкесінен ұсталықтың қыр-сырын, темірдің қызуын, ағаштың бабын, күмістің мінезін үйрене бастаған. Оның шеберлігі дәл осылай төс жанында, көрік қасында, шоқтың қызуында жүріп қалыптасқан.

Өзінің өмірі туралы түсірілген деректі фильмде Дәркембай «Мен үшін ұстахана бөтен әлем емес еді» деп қолөнерге деген қызығушылықтың дәл сол балалық шақтан басталғанын еске алғаны бар. Көпшілік шебер болуды кәсіп таңдаумен байланыстырады. Ал Дәркембай үшін бұл таңдау емес, өмірдің табиғи жалғасы болды. Ол кейін Алматыдағы көркемсурет училищесінде білім алып, кәсіби суретші мамандығын игерді. Алайда, алған білімін ұлттық қолөнермен ұштастырып, қазақтың ұмытылып бара жатқан технологияларын қайта жаңғыртуға арнады. Оның өміріндегі ең үлкен ерекшелік те осы еді.

## Өшпеген өнер

Сонау Кеңес кезеңінде ұлттық қолөнердің көптеген түрі тоқырауға ұшырады. Өндіріс дамып, зауыт өнімдері тұрмысты алмастырған сайын ағаштан ойылған бұйымдар музейге ойысты. Ұсталық кәсіп күнкөріс көзі ретінде емес, өткеннің сарқыншағы ретінде қабылданды. Осындай кезеңде Дәркембай Шоқпарұлы өзгелер секілді дайын жолды таңдаған жоқ. Ол ел ішін аралап, көнекөз қариялардан бұрынғы ұсталардың жұмыс тәсілдерін жазып алды. Музей қорларындағы көне жәдігерлерді зерттеді, археологиялық олжаларды қарап, әр бұйымның жасалу технологиясын қайта қалпына келтіруге тырысты. Осылайша оның шеберханасында жасалған әрбір бұйым ғылыми ізденістің нәтижесі болды.



Шебер қазақтың ер-тұрман жасау өнерін, ағаш өңдеу технологиясын, тері илеу, сүйек ою, зергерлік бұйым дайындау тәсілдерін қайта жаңғыртты. Ұлттық музыкалық аспаптардың көне үлгілерін жасап, тарихи жәдігерлерді қалпына келтіруге қатысты. Өнертанушылардың пікірінше, Дәркембай Шоқпарұлының басты еңбегі қазақ қолөнерін сәндік бұйым деңгейінен шығарып, оны ұлттық мәдениеттің ажырамас бөлігі ретінде қайта таныта білуінде жатыр.

Мәселен, Қазақстанның Халық әртісі Роза Рымбаева кезінде Дәркембай сыйға тартқан қос күміс білезікті әлі күнге тұмардай сақтап жүргенін айтады. «Осыдан біраз жыл бұрын «Кеш жарық» деген телебағдарламаға қатысқан едім. Дәркембай ағамыз да келіпті. Сол жолы ол кісі маған керемет сыйлық жасады. Шетелдерге шыққан сайын сол білезіктерді тұмардай көріп, тағып жүрдім», – деп еске алады.

## Жалғанған із

Дәркембай Шоқпарұлы 1996 жылы туған жері Ақши ауылында «Асыл» этнографиялық қолөнер мектебін ашты. Мұнда балалар ағаш жонуды, темір соғуды, тері өңдеуді, ұлттық бұйым жасауды үйренді. Ең бастысы, олар қазақтың дүниетанымын бойына сіңірді. Шебер үшін әрбір шәкірт – ұлттық мұраның келесі сақтаушысы. Атақты шебер «Егер өнерді бір адам ғана білсе, ол адаммен бірге жоғалады. Ал шәкірт тәрбиеленсе, өнер өмір сүреді» деген ұстанымды өмір бойы берік ұстанды.

Қазақ шеберінің бұл танымы бүгінгі ЮНЕСКО ұстанымымен де үндесіп жатыр. Ұйымның «Материалдық емес мәдени мұраны қорғау туралы 2003 жылғы конвенциясында» дәстүрлі білім мен шеберлікті сақтаудың ең тиімді жолы оны ұрпақтан-ұрпаққа үздіксіз жеткізу екені анық көрсетілген. Бүгінде әкесінің жолын ұлы Дәулет Дәркембайұлы жалғастырып келеді. Ол әкесі ашқан «Асыл» этнографиялық қолөнер орталығының жұмысын дамытып, жастарды ұлттық қолөнерге баулуға күш салып жүр. Бір кезде Шоқпар ұста баласына балғаны ұстатса, кейін Дәркембай да өз ұлына ұсталықтың қыр-сырын үйретіп кетті.

Этнографтардың пікірінше, бүгінгі күні қазақтың дәстүрлі ұсталық, ершілік, сүйекшілік, ағашшылық өнерін толық мең-



герген шеберлердің саны өте аз. Көптеген технологиялар кеңестік кезеңде үзіліп, кейбір бұйымдардың жасалу тәсілдері тек архивтік жазбалар мен музей қорларында ғана сақталған. Осындай жағдайда Дәркембай Шоқпарұлының еңбегінің маңызы ерекше екені тағы да байқалады. Ол ұлттық қолөнерді музей жәдігеріне айналдырмай, өмірге қайта әкелді. Оның қолынан шыққан бұйымдар көне технологиялардың қайта тірілген үлгісі болды.

## Әлем қорғауында

Әлемнің көптеген елі мұндай кәсіптерді мәдени мұра ғана емес, ұлттық қауіпсіздікпен, бірегейлікпен байланыстырады. Мұның басты себебі – қолөнер жоғалса, халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан дүниетанымы, тұрмыс мәдениеті мен тарихи жадының бір бөлігі де жоғалады. Сондықтан дамыған елдердің көпшілігі дәстүрлі шеберлерді мемлекеттік деңгейде қолдауға күш салады.

Мәселен, Жапонияда 1950 жылдан бері «Тірі ұлттық қазына» деген марапат тағайындап, оны ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі өнерді сақтап, оны шәкірттеріне үйретіп жүрген шеберлерге табысталады. Мемлекет оларды қаржылай қолдап қана қоймай, басты міндет ретінде өз өнерін келесі буынға үйретуді міндеттейді. Жапония үкіметі үшін ең құнды дүние музейдегі экспонат емес, оны жасай алатын адам. Оңтүстік Кореяда да дәл осылай жасап келеді.

Италияда бірнеше ғасыр бойы үзілмей келе жатқан зергерлер мен ағаш ұстала-рының әулеттері мемлекет пен жергілікті қауымдастықтың ерекше қорғауында Флоренция мен Венециядағы көптеген отбасылық шеберханалар бүгінде туристік нысан ғана емес, ұлттық мәдениеттің тірі орталығына айналған. Ал Өзбекстанда Риштан қыш шеберлері, Бұхара зергерлері мен Самарқандтағы ағаш оюшылардың мектептерін мемлекеттік бағдарламалар арқылы дамытылып келеді. Жас шеберлер арнайы гранттар алып, халықаралық көрмелерге қатысады.

Қазақстан да материалдық емес мәдени мұраны қорғау жөніндегі ЮНЕСКО-ның 2003 жылғы Конвенциясына қосылған елдердің бірі. Соңғы жылдары ұлттық қолөнерді дамытуға бағытталған түрлі жобалар жүзеге асырылып келеді. «Шебер» ұлттық қолөнершілер одағы құрылды, этноауылдар мен қолөнер фестивалдері ұйымдастырылуда, өңірлерде шығармашылық орталықтар ашылып жатыр.

**Түйін сөз: Бүгінде әке аманатын арқалаған Дәулет ұсталық жолын жалғастырып келеді. Ол бір әулеттің ғана емес, тұтас ұлттық құндылықты жалғап отыр десек, артық емес. Қазақ «Өнерліге өріс кең» дейді. Ал өнердің өрісін кейнететін оның жолын жалғастыратын шәкірті, аманатын арқалаған ұрпағы. Демек, Шоқпар әулетінің тарихы жалғасып, балғаның үні үзілген жоқ.**

Рая ЕСКЕНДІР.



БІЛІМ

## Колледждерге көңіл бөлінді

**Қалада техникалық және кәсіптік білім беру (ТЖКБ) жүйесі қарқынды дамып келеді. Қазақстанда жарияланған Жұмысшы мамандықтар жылында осы мәселеге көп көңіл бөлінді. Бүгіндері қалалық ТЖКБ желісіне 88 колледж кіреді, оның ішінде 22-сі мемлекеттік те, 66-сы жекеменшік. Онда 85 544 адамның 46 838-і мемлекеттік тапсырыс бойынша білім алып жатыр.**

Қаламызда техникалық және кәсіптік білім беру саласына баса назар аударылып, бірқатар жаңа жобалар да қолға алынған. Мәселен, Алматы көлік және механика колледжінің жаңа ғимараты 1050 студентке есептелген, 120 орынды жатақханасы болады. Алатау ауданындағы «Алғабас» ықшамауданында инновациялық техникалық колледж құрылысы жүріп жатыр. Жобада оқу корпусы, жатақхана, шеберханалар, спорт және демалыс алаңдары, жалпы, мұнда толық инфрақұрылым салу көзделіп отыр.

✓ **КЕРЕК ДЕРЕК**

**Алматыда ағымдағы жылы 25 908 білікті маман колледж бітірді. Олардың 24 434-і жұмыспен қамтылды, яғни бұл түлектердің 94,3 пайызы. Ал 4940 жас жоғары оқу орнына түсті. Алматыда 770 кәсіпорын 71 мамандық бойынша мемлекеттік тапсырыс бойынша оқитын 23 мыңнан астам студентті дуалді оқытып жатыр.**

Қалалық ТЖКБ жүйесіне бөлінген бюджет – 52,1 млрд. теңге. Оның 679 млн. теңгесі тәлімгерлік бағдарламаларды дамытуға, WorldSkills чемпионатын өткізуге, жатақхана күтімі мен колледждерді қаржылай қолдауға бағытталды.

Алматы қаласы Білім басқармасының техникалық және кәсіптік білім бөлімі бас маманы Үмітгүл Жиенбайқызының айтуынша, «Алматы қаласында техникалық және кәсіптік білім беру саласында 88 колледж жұмыс істейді. Оның 22-сі – мемлекеттік, 66-сы – жекеменшік колледждер. Бүгінде аталған колледждерде 86 мыңға жуық студент білім алып жатыр, оның 50 пайызы мемлекеттік тапсырыс бойынша оқиды.

Алматы қаласы бойынша 2025-2026 оқу жылында мемлекеттік грантқа 18 мыңнан астам өтініш түскен. Оқуға қабылданған жас мамандар 131 мамандық, 220 біліктілік бойынша білім алып жатыр.

Сонымен қатар, колледждерді жаңғырту жағы да күшейтіле түскен. «Жас маман» жобасы аясында 18 оқу орны құрал-жабдықпен жабдықталса, оған мемлекет 4,2 млрд. теңге жұмсады. Сондай-ақ, жөндеу жұмысына 2,4 млрд. теңге бөлінді. Оның 170 млн. теңгесі алты колледждің материалдық базасын жаңартуға жұмсалды.

Мемлекет басшысы техникалық және кәсіптік білімге, әсіресе, жұмысшы кадрларды даярлауға ерекше көңіл бөліп отыр. Осы бағытта қалада көптеген жұмыстар атқарылып жатыр.

**Бетті әзірлеген Рая ЕСКЕНДІР.**  
Сурет: автор.

ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫС

# ТАУҒА БАРСАҢ, ТА ЗАРАСЫҢ!

**Алматы қаласы Білім басқармасы мен Өңірлік коммуникациялар қызметі мемлекеттік бағдарлама аясында «Тау-Жаңашар» балалардың сауықтыру-демалыс орталығына баспасөз туры ұйымдастырды. Бұл жолғы сапарда БАҚ өкілдері балалардың жатын орындары мен шығармашылық алаңдарын аралап, педагогтармен, тәлімгерлермен, балалармен жүздесіп қайтты.**



«Тау-Жаңашар» лагері табиғаты тамылжыған Іле Алатауының көрікті бөктері Түрген шатқалында орналасқан. Таудың саф ауасы сарайыңызды ашып, сарқыраманың сарылдаған дауысы сергектік сыйлайды. Лагерьдің басты ерекшеліктерінің бірі – халықаралық «Артек» балалар орталығының бейімделген әдістемесі қолданылып, оған қазақы дәстүр мен бала тәрбиесіндегі осы заманғы тәсілдер енгізілген. Бұған қоса, спорттық және шығармашылық іс-шаралар, шеберлік сабағы, сахналық қойылым, бассейн, шаш өру, кесте тігу, қала мен облысқа экскурсия жасау сынды күн тәртібіндегі бағдарламалар енген.

Лагерьде тәлімгерлерді іріктеу мен даярлауға да ерекше мән беріледі. Үміткерлер түйіндемені қарау, шығармашылық пен кәсіби сұхбаттан тұратын іріктеуден өтеді. Одан кейін екі апталық міндетті оқу бағдарламасына қатысады. Орталықтың директоры Мира Құдабаеваның айтуынша, биыл лагерьдің 15 жылдық мерейтойы. Қазір мұнда 7 мен 16 жас аралығындағы 300 бала демалып жатыр. Әр ауысымда Қазақстанның 18 қаласы

мен өңірінен оқушылар осында тынығу үшін келеді. Мұнда балалар өз бетінше өмір сүріп, бір-бірімен араласып, команда болып жұмыс істеуді үйренеді. Мектеп негізінен білім берсе, лагерь сол білімді күнделікті өмірде қолдануға мүмкіндік береді.

Шыны керек, қазіргі балалар ұялы телефонға тәуелді деген уәжді жиі естіп жүрміз. Ал мұнда демалып жатқан балалар керісінше телефонды тастап, уақыттың басым бөлігін құрбы-құрдастарымен үйірмелерге қатысып, ойын ойнауға арнайды. Биылғы маусымның басты ерекшелігі де осы. Телефонды ата-анасымен сөйлесер кезде ғана уақытша береді екен.

– Соңғы жылдары ата-аналардың өтініші негізінде лагерьде смартфондарды уақытша пайдаланбау тәжірибесі енгізілді. Биылғы алғашқы үш ауысымда балалардың ұялы телефондар жиналып алынды. Бізді қуантқаны, бұл шешімге балалар тарапынан ешқандай наразылық болған

жоқ. Бұл тәжірибе баланың бос уақытын тиімді ұйымдастырып, оған тартымды балама ұсынылған жағдайда смартфонсыз да белсенді әрі пайдалы демалуға болатынын көрсетті, – дейді лагерь басшысы.

Таза ауада ішкен ас та сіңімді болады. Балалар мұнда бес уақыт тамақ ішеді. Аспазшылар ас мәзірін үй тағамына ұқсатып дайындауға көшкен. Өйткені, өнімнің басым бөлігі лагерьдің жеке шаруашылығында өндірілсе, кейбірі жергілікті шаруашылықтан жеткізіледі. Балаларға күн сайын сүт өнімдері, ет, жаңа піскен көкөніс пен жеміс, сондай-ақ лагерьдің өз наубайханасында ашытқы қоспай пісірілген нан береді.

Дәл қазір аталмыш орталық Алматы, Қарағанды, Семей мен еліміздің өзге де қаласындағы педагогикалық колледждер мен жоғары оқу орындарымен бірлесіп жұмыс істеп жатыр.

Алматы қаласы Наурызбай ауданынан келген Ақжарқын Дәрменқызы лагерьде балалардың бір-бірімен тез тіл табысып, көп уақытын бірге өткізетіні ерекше ұнағанын айтты.

– Мұндағы табиғат өте көркем, ауасы тап-таза. Күн сайын қызықты іс-шаралар ұйымдастырылады. Тіпті телефон қарауға да уақытым болмайды. Телефонды тек ата-анамызға хабарласатын кезде ғана береді. Әр күнімді қызықты әрі пайдалы өткізуге тырысып жүрмін, – дейді ол.

Лагерьдің аға тәлімгері Әлмира Әбдірашитова да демалушыдан тәлімгерге дейінгі еңбек жолы туралы баяндап берді. Оның айтуынша, жұмысқа кіріспес бұрын арнайы дайындықтан өтіп, бірнеше жыл тәлімгер болып еңбек еткен. Қазір ол лагерь бағдарламаларын әзірлеуге және ауысымның ұйымдастырылуына жауап береді.

– Ең қызығы – балалардың біртіндеп ашылып, өзгергенін көру. Алғашқы күндері олар үйін де, телефонын да сағынады. Бірақ бірнеше күннен кейін жаңа достар тауып, лагерь өміріне толықтай бейімделеді, – деді аға тәлімгер.

Баспасөз туры барысында журналистер спорттық жарыстардың, шығармашылық сабақтардың, командалық ойындардың және мәдени іс-шаралардың өту барысымен танысты.

Ұйымдастырушылар да лагерьдің басты мақсаты – он күндік ауысым барысында балалардың сапалы демалуына ғана емес, жаңа білім алып, достар табуына, өзіне деген сенімін нығайтуына және жазғы демалысын есте қаларлықтай өткізуіне қолайлы жағдай жасау екенін айтады.

✓ **ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ**



**Мира ҚҰДАБАЕВА, «Тау Жаңашар» балалардың белсенді демалыс орталығының директоры әрі құрылтайшыларының бірі:**

– Балалар лагері – ешнәрсеге ұқсамайтын ерекше орта. Ол баланың тұлғалық дамуына үлкен әсер етеді. Әсіресе, қала сыртындағы лагерьдің орны бөлек. Біздің лагерь дәстүрлі лагерьлік педагогика қағидаттарымен жұмыс істейді. Әдістемеміздің басты ерекшелігі – халықаралық «Артек» балалар орталығының жүз жылдық тәжірибесіне негізделген жүйені қазіргі қазақстандық балалардың ерекшеліктеріне бейімдеу. Жұмысымыздың негізгі мақсаты – әр баланың ішкі әлеуетін ашу. Бұл шығармашылық арқылы да, табиғатпен етене жақын байланыс орнату арқылы да жүзеге асады.

Біз балалардың психоэмоциялық жағдайын жақсартумен ғана шектелмей, олардың өзін-өзі тануына, қабілеттерін дамытуына және жеке тұлға ретінде қалыптасуына ықпал ететін әдістемелерді қалыптастырдық. Осы бағыттағы жұмысымызды соңғы он бес жыл бойы үздіксіз жетілдіріп келеміз.

Лагерьдің арнайы білім беру-тәрбие бағдарламасы бар. Ол тиісті сараптама-

дан өтіп, белгіленген талаптарға толық сәйкес келетіні расталған. Бағдарламаның басты мақсаты – баланы бос уақытын тиімді әрі мазмұнды ұйымдастыруға үйрету. Сондықтан таңғы уақыттан кешкі сағат 23.00-ге дейінгі күн тәртібіндегі әр минут нақты жоспарланған. Балалар үйірмелерге қатысады, спорттық және шығармашылық іс-шараларға араласады, тұлғалық даму тренингтерінен өтеді.

Кейбір ата-аналар балалардың бір-бірімен танысуына неге соншалықты көп уақыт бөлінетінін сұрайды. Алайда, танысу үдерісі – лагерь педагогикасының ең маңызды кезеңдерінің бірі. Балалар бір-бірін атымен атап, еркін қарым-қатынас жасай бастағанда ғана нағыз ұжым қалыптасады. Бұл арнайы әдіс-тәсілдерді қажет ететін күрделі педагогикалық жұмыс, әрі біз оны кәсіби деңгейде ұйымдастырамыз.

Жазғы маусымда лагерьде жеті ауысым ұйымдастырылады. Әр ауысымда шамамен 300 бала демалады. Осылайша бір маусымда 2100 баланы қамтуға мүмкіндік бар. Биылдың өзінде мыңнан астам бала тынығып үлгерді. Өз басым осы жерге келген адам бір күн тынығып шықса да сергіп, күш жинап қайтады деп ойлаймын.

# «Көтер қане, басыңды...»

Былтыр Нью-Йорк омыртқа хирургиясы және оңалту орталығының басшысы, белгілі хирург Кеннет Хансраждың биомеханикалық зерттеуі жарық көрді. Ғалым математикалық модельдеу арқылы мойын омыртқасына түсетін салмақты есептеп шыққан.

Мәселен, үнемі тік жүріп, басымызды дұрыс ұстар болсақ, мойнымызға 4,5–5,5 кг салмақ түседі. Бұл – кәнігі, үйреншікті күш, адам басының төл салмағы. Ал басымызды 60 градусқа иіп, телефонға үңілген сәтте мойнымызға бұдан бірнеше есе ауыр салмақ түседі екен. Тіпті, ғалымның есептеуіне қарағанда, телефонға үңілген кезде мойын омыртқасына түсетін салмақ 7-8 жасар баланың салмағында тең келеді.

Әрине, мұны диджитал-ұрпақ дер кезінде аңдай бермейді. Бірақ арқа бұлшықеттері мен омыртқа дискілеріне артық салмақ жүктеліп, құрысып, білінбей зақымданады. Доктор Хансраждың есептеуіне қарағанда, қазіргі заман адамы күніне 2-ден 4 сағатқа дейін басын төмен түсіріп, телефон не гаджетке үңілетін көрінеді. Бұл көрсеткішті жыл көлеміне шақтап есептер болсақ, 700–1400 сағат

шығады. Демек, жыл сайын мойнымызға аса ауыр салмақ артылады деген сөз.

Мектеп оқушылары мен студенттердің жайы тіптен қатерлі, олардың 5000 сағатқа жуық уақытты осындай зиянды қалыпта өтеді. Салдарынан омыртқа аралық дискілер тез мүжіліп, мерзімінен бұрын қатқылданып, шеміршегі шығыңқыланып, сүйегі боркеміктен түседі. Уақыт өте келе остеохондроз белгілері байқалып, омыртқа жарығына ұласуы мүмкін.

Әрине, замани технология табысынан бас тарту мүмкін емес. Бірақ телефонды төмен ұстап, оған үңілгеннен гөрі, керісінше, телефонды көздің деңгейіне сай көтеріп, мойын мен еңсені тік ұстау қажет. Иықты қусырмай, кеудемізді кең ашып, саф ауаны құшырлана жұтып, жауырынымызды аша түскеніміз жөн. Сол кезде ғана еркін ақпарат алаңындағы еңсеміз тік болмақ.

Гаджеттер біздің өмірімізді жеңілдетті дейміз, бірақ омыртқамызға ауыр салмақ «артып жатқанын» да естен шығармаған жөн.

Дастан ҚАСТАЙ.

Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

**Күнделікті смартфон, гаджеттер қолымыздан түспейді. Хат-хабар алмасу, әлеуметтік желіге кіру, электронды кітап оқу, тағысын тағы... Осының бәрінде басымызды төмен салып иіле түсеміз. Ал біз осы елеусіз әрекетімізбен мойын омыртқасына қаншалықты салмақ салып жатқанымызды білеміз бе?**

## «Ұйқым келмейді...»

Мазасыздық ортақ мәселеге айналды ма?

**Ұйқы – адам өмірінің маңызды бөлшегі. Десе де, соңғы уақытта «ұйқысыздық» дерті қоғамда жиі талқыланатын мәселеге айналды. «Қанша ерте жатсам да ұйықтай алмаймын», «ұйқым қанбады» деген сөздерді жиі естиміз. Осы бір мазасыздықтың артында ұйқысы қанбайтын ұрпақтың өсіп келе жатқаны алаңдатады. Бұл, түптеп келгенде, «салауатты ұлт қалыптастырамыз» деген мақсатқа да кері әсер етеді.**

да мұндай бағыттағы жүйелі бас-тамалар әзірге сирек. Сондықтан бұл мәселеге ерекше назар аудару қажет сияқты.

Алматыдағы психологтар мен мектеп мамандары балалар арасында ұйқының жеткіліксіздігінен мазасыздық, көңіл-күйдің төмендеуі және есте сақтау қабілетінің әлсіреуі жиілегенін айтады. Ғалымдардың зерттеуі де ұйқы тапшылығы баланың миының дамуына кері әсер етіп, оқу үлгерімін төмендететінін, депрессия, мазасыздық және артық салмақ қаупін арттыратынын көрсетіп отыр.

Байқасаңыз, бүгінгі балалар ғана емес, ересектердің өзі ұйықтар алдында смартфоннан көз алмайды. Ал экраннан шығатын жарық миға «ұйықтауға болмайды» деген белгі беріп, ұйқы сапасын төмендетеді. Бұл, әсіресе, 9–12 жастағы балалар үшін аса зиян.

Дәрігер Сәуле Қалибекқызының айтуынша, мектеп жасындағы балалар тәулігіне кемінде 9–10 сағат ұйықтауы керек. Ұйықтардан бір сағат бұрын гаджеттерді қолдануды толық тоқтату қажет. Оның пікірінше, мектептерде «ұйқы режимі» туралы арнайы дәрістер өткізіліп, ата-аналарға түсіндіру жұмыстары жүргізілгені жөн.

Ұйқысы қанбаған баланың денсаулығы да, белсенділігі де толыққанды болмайды. Мамандардың айтуынша, ұйқысыздықты жеңілдетудің қарапайым тәсілдерінің бірі – ұйықтар алдында көмескі жарықта немесе қараңғылау ортада жылы душ қабылдау. Бұл ағзаға «демалатын уақыт келді» деген табиғи белгі беріп, ұйқының жеңіл келуіне ықпал етеді.

Рая ЕСКЕНДІР.

Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.



## 950 грамм салмақпен туған сәби өмір үшін күресті

**Алматыда 950 грамм салмақпен туған сәби Аекі айдан кейін реанимациядан шықты. Нәрестенің жағдайы аса күрделі еді: ауыр дәрежедегі респираторлық дистресс-синдром және терең морфофункционалдық жетілмеушілік анықталды.**

Өмірінің алғашқы минуттарынан бастап №2 қалалық перинаталдық орталықтың кәсіби мамандар командасы бөбектің өмірі үшін аянбай күресті. Алғашқы 60 күн бойы нәрестеге реанимация және қарқынды терапия бөлімшесінде ем жасалды. Оның ішінде 38 тәулік жасанды өкпе желдету аппаратында жатты.

Әрбір күн оңайға соққан жоқ. Дәрігерлер тәулік бойы баланың жағдайын бақылап, емдеу тактикасын түзетіп, әлі толық жетілмеген ағзаның қызметін қолдап, сәбидің біртіндеп күш жинап, сауығына бар күш-жігерін салды.

Осы күрделі жолда нәрестеге медициналық көмек көрсеткен дәрігерлердің бірі – неонатолог-реаниматолог Наргиза Оскаррова. Ал неонаталдық қызметтің жұмысын директордың неонаталдық қызмет жөніндегі орынбасары Айнурым Сарбас үйлестіріп отырды.

Қазір кішкентай пациентке 70 күн толды. Ең қиын кезең артта қалды. Бүгінде ол жаңа туған нәрестелер патологиясы бөлімшесіне ауыстырылып, әрі қарайғы күтімі мен емін дәрігер Ақерке Тұрғынбек жүргізуде.

Сәбидің анасының шала туған ұлын адам қатарына қосқан №2 қалалық перинаталдық орталықтың дәрігерлеріне алғысы шексіз. Алда нәрестені қалпына келудің жаңа кезеңі күтіп тұр. Ал оның жанында қалыпты өсуіне, ет алып күш жинауына және сауығына көмектесуді жалғастырып жатқан білікті мамандар бар.

Нұржамал ӘЛІШ.

## Almaty move жобасы жалғасуда

**Қала тұрғындарын аспан астындағы денсаулыққа пайдалы жаттығуларға бастайтын ALMATY MOVE жобасы жалғасып жатыр. Қалалық Спорт басқармасының бастамасы бұл жобаны бұқаралық спортты дамытып, тұрғындар арасында салауатты өмір салтын насихаттауға мақсатында ұйымдастырып келеді.**

Өткен демалыс күндері өткен тегін жаттығуларға 100-ге жуық тұрғын қатысты. Таңғы сағат 09.00-де 28 гвардияшы-панфиловшылар атындағы саябақта йога сабағы ұйымдастырылса, Тұңғыш Президент қоры саябағында да дәл осы уақытта стретчинг бойын-

ша жаттығу өтті. Алматылықтар демалыс күнін таза ауадағы белсенділікпен бастап, денсаулығын нығайтып, сергек көңіл күйге бөленді.

Алматы қаласы Спорт басқармасы өкілдерінің мәліметінше, мұндай жаттығулар спортты бар-

шаға қолжетімді етіп, тұрғындардың демалыс күндерін белсенді әрі пайдалы өткізу мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді.

ALMATY MOVE жобасы алдағы уақытта да Алматының түрлі ауданында жалғасады. Тегін жаттығулардың өтетін орны мен уақыты туралы ақпарат ALMATY MOVE жобасы мен Алматы қаласы Спорт басқармасының Instagram желісіндегі ресми парақшаларында жарияланып отырады.

Әзірлеген  
Гүлжанат СЕМБАЕВА.

«TAZA TANDAU FEST»

# МАҢЫЗДЫ ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБА

**Халықаралық есірткіге қарсы күрес күніне орай ұйымдастырылған айлық аясында Алматыда «Taza Tandau Fest» жастар фестивалі өтті. Іс-шараның басты мақсаты – жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттау, есірткінің зияны туралы ақпараттандыру, саналы таңдау мәдениетін қалыптастыру және қоғам назарын нашақорлық мәселесіне аудару.**



Қалалық Мәдениет және демалыс паркінде өткен фестиваль аясында қатысушыларға шығармашылық және танымдық бағдарламалар, спорттық жарыстар, түрлі байқаулар, интерактивті алаңдар мен арнайы көрсетілімдер ұсынылды. Ұйымдастырушылардың айтуынша, мұндай бастамалар жас ұрпаққа өмірдің қызығы мен мүмкіндігі зиянды әдеттер мен тыйым салынған заттарсыз да мол екенін көрсетуді көздейді.



«Taza Tandau Fest» – жастарды зиянды әдеттерден бойын аулақ ұстауға, денсаулықты бағалауға және жарқын болашаққа бастайтын саналы таңдау жасауға үндейтін маңызды әлеуметтік жоба.

Фестивальдің құрметті қонақтары қатарында жуырда бокстан Әлем кубогының алтын жұлдесін жеңіп алған Назым Қызайбай мен еркін күрестен Олимпиада ойындарының күміс жұлдегері Ислам Байрамуков болды.

Белгілі спортшы Ислам Байрамуков мұндай іс-шаралардың жастар тәрбиесіндегі маңызына ерекше тоқталды.

– Жас ұрпақты тәрбиелеп, оларға рухани әрі физикалық тұрғыдан жетілудің жолын көрсетуіміз қажет. Жастардың ең үлкен жауы – бос уақытты мақсатсыз өткізу. Дәл осындай кезде олар теріс әдеттерге бейім келеді. Мұны өз балаларымның тәрбиесінен де жақсы түсінемін. Сондықтан ата-аналарды балаларымен жиі сөйлесіп, өмірлік құндылықтар мен дұрыс бағыт-бағдар жөнінде пікір алмасуға шақырамын. Ал спорт – денсаулықты нығайтып, қоғам мен отбасыға пайда әкелудің ең тиімді әрі қолжетімді жолдарының бірі, – деді ол.

Фестиваль жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға, олардың бойында жауапкершілік пен салауатты өмір салтына деген көзқарасты қалыптастыруға бағытталған маңызды әлеуметтік бастама ретінде көпшіліктің қолдауына ие болды.

**Гүлжанат СЕМБАЕВА.**  
Сурет: С.ҚҰСАЙЫНОВ.

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН»

## БАУМ ТОҒАЙЫНДА

### санитарлық жұмыстар жалғасуда

**Баум тоғайы – Алматының тарихи әрі табиғи мұраларының бірі. Тоғай 1877 жылы генерал-губернатор Г.А.Колпаковскийдің тапсырмасымен орманшы Эдуард Баумның жетекшілігімен жасанды түрде отырғызылған. Бүгінде мұнда қарағаштың бірнеше түрімен қатар емен, қайың, шаған, жөке, үйеңкі және терек өседі.**



Тоғайдың қазіргі жағдайын анықтау мақсатында 2021 жылы Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті жасыл екпелерге кешенді түгендеу және орман-патологиялық зерттеу жүргізді. Зерттеу нәтижесінде ағаштардың құрамы нақтыланып, зиянкестер мен аурулардың таралу деңгейі бағаланды. Мамандар 6560 құраған және апатты, 1713 әлсіреген ағашты анықтап, оларды кезең-кезеңімен санитарлық іріктеп кесуді ұсынды.

Зерттеу қорытындысына сәйкес тоғайдағы ағаштардың 55%-ы сау күйде сақталған. Әлсіреген ағаштар – 23%, өсуі тежелгендері – 12%, құрай бастағандары – 8%, ал құрғақ және апатты ағаштар 2%-ды құрайды.

Әсіресе, жасы жүз жылдан асқан қарағаш пен емендердің едәуір бөлігі табиғи қартаю салдарынан апатты жағдайға жеткен. Осы ғылыми қорытындылар негізінде санитарлық кесу жұмыстары кезең-кезеңімен жүргізіліп келеді. 2022–2025 жылдары жалпы 4755 ағаш кесіліп, 1749,58 текше метр сүрек шығарылды. Жұмыстардың негізгі мақсаты – ағаштардың құлау қаупін азайту, аурулардың таралуына жол бермеу және тоғайдың экологиялық жағдайын жақсарту.

2026 жылы санитарлық кесу 14,5 гектар аумақта жүргізіледі. Жоспар бойынша шамамен, 2 мың ағашты кесу көзделген, оның мыңға жуығы бүгінде алынған. Тоғайға келушілердің қауіпсіздігі тұрақты бақылауда. 2026 жылдың алғашқы алты айында инспекторлар 48 тексеру жүргізіп, табиғи себептермен құлаған 78 ағашты тіркеді. Оның ішінде 39 қарағаш, 23 үйеңкі, 14 емен және 2 терек бар. Мамандардың қорытындысы бойынша ағаштардың құлауына негізгі екі себеп әсер етеді. Біріншісі – ағаштардың биологиялық қартаюы мен өмірлік кезеңінің аяқталуы: екіншісі – қатты жел, нөсер жауын және дауылды ауа райының механикалық ықпалы.

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында құлаған ағаштар мен жаяу жүргіншілер жолдарын бөген бұтақтар дереу жиналып, аумақ толық тазартылды. Қазіргі уақытта тоғайдағы қауіп төндіретін учаскелер қалпына келтіріліп, санитарлық және өрт қауіпсіздігіне бақылау тұрақты түрде жүргізіліп келеді.

**Баум тоғайына жаңбырлы және желді ауа райында барған кезде қауіпсіздік шараларын сақтауыңызды сұраймыз.**

Тоғай аумағында жасы 100 жылдан асқан ағаштар өсетінін назарға саламыз. Қолайсыз ауа райы жағдайларында құрғақ бұтақтардың және тәж элементтерінің құлау қаупі бар. Сол себепті, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауыңызды, қатты жел мен жаңбыр кезінде ағаштардың астында тұрмауыңызды, сондай-ақ мұқият әрі сақ болуды сұраймыз.

**Жансерік ҚЫРҒЫЗБАЙ,**  
**«Медеу» МӨТП КММ Табиғи кешендерді қорғау маманы.**  
Сурет: С.ҚҰСАЙЫНОВ.

ҚАЛА КЕЛБЕТІ



## Жаңа аялдама

**Республика алаңындағы Тәуелсіздік монументіне қарама-қарсы, Сәтбаев көшесінің бойында орналасқан «Алматы қаласының әкімдігі» жаңа аялдама пункті пайдалануға берілді. Бұл туралы қалалық Жол қозғалысын ұйымдастыру және жолаушылар тасымалы басқармасының өкілдері хабарлады.**

Аялдама заманауи павильонмен, жолаушыларға арналған күту орындарымен және ақпараттық тақталармен жабдықталған. Оны орналастыру кезінде жолаушылардың қауіпсіздігіне, жайлылығына және автобусқа міну мен түсу қолайлығына ерекше назар аударылды. Бұл аялдамаға екі бағыт бойынша №21, №45, №95 және №121 автобус бағыттары қызмет көрсетеді. Аталған бағыттарға күн сайын 75 автобус шығып, қаланың ең сұранысқа ие аудандарының біріне тұрақты қатынасты қамтамасыз етеді.

Жаңа аялдаманың іске қосылуы қоғамдық көлік қызметінің сапасын арттыруға, мемлекеттік және қоғамдық нысандардың қолжетімділігін жақсартуға, сондай-ақ Алматының орталық бөлігіндегі жолаушылар үшін қолайлы жағдай жасауға мүмкіндік береді.

**Гүлжанат МАРАТҚЫЗЫ.**





## ҚЫЛҚАЛАМ

**Әбілхан Қастеев атындағы ҚР Ұлттық өнер музейінде қылқалам шебері, суретші-ұстаз Серікбай Әлжанның «Суретшінің толғауы» атты мерейтойлық көрмесі ашылды.**

Экспозицияға автордың табиғаттың әсем болмысын бейнелейтін пейзаждары, тарихи мазмұндағы композициялар, ұлттық тақырыптағы кескіндемелік және графикалық туындылары қойылды.

«Қазақ бейнелеу өнерінде өзіндік қолтаңбасымен ерекшеленетін суретші Серікбай Әлжанның шығармашылығын бірнеше бағытқа бөліп қарастыруға болады. Оның туындыларында ұлттық болмыс, тарихи жады, дәстүр сабақтастығы мен табиғат үйлесімі көркем бейнелен-

ген. Суретші әсіресе, композициялық шешімге, бояу үндестігіне, образдық мазмұнға ерекше мән береді», – дейді өнертанушы, көрме жетекшілерінің бірі Ақбота Әлімхожина.

Қылқалам шеберінің картиналарынан табиғатпен үндескен тыныштық, сыршыл көңіл күй мен терең ой аңғарылады. Әсіресе, қыс мезгіліне арналған пейзаждары көрерменге ерекше әсер сыйлайды. Суретші табиғат көріністерін қарапайым бейнелеп қана қоймай, оны адамның рухани әлемімен сабақтастыра отырып жеткізеді.

«Серікбай Әлжан шығармаларының маңызды бөлігі қазақ халқының тарихи мен рухани мұрасына арналған. 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасын бейнелеген

«Бостандық» шығармасы суретшінің тарихи тақырыптарға терең толғаныспен қарайтынын көрсетеді. Оның «Ұлы қазақтың мұрасынан» атты туындысы ЮНЕСКО қорына енген», – дейді көрме жетекшілерінің бірі Ғалия Әли.

Қылқалам шебері өзін портрет жанрында да таныта алды. Оның қылқаламынан туған Мағжан Жұмабаев, Абай Құнанбайұлының «Қара сөздері» желісіндегі портреті, Міржақып Дулатовтың «Оян, қазақ!» тақырыбындағы туындысы, Сәкен Сейфуллин және өзге де тарихи тұлғалардың образдары ұлттық руханияттың көркем шежіресі деуге болады. 2021 жылы ХІ Республикалық «Тәуелсіздік толғауы» атты жаңа өнер туындыларына арналған онлайн-конкур-

сының «Абай және Жамбыл әлемі жас суретшілер көзімен» атты Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына, Жамбыл Жабаевтың 175 жылдығына арналған үздік көркемсурет туынды номинациясы бойынша «Абайдың қара сөздері» туындысы І орынға ие болды.

2020 жылғы індет кезеңінде суретші екі жыл бойы тынымсыз еңбек етіп, екі жүзден астам графикалық туындысын жазып шығады. Бұл жұмыстарда уақыт тынысы, адамның көңіл күйі мен өмір философиясының өзгеше көркемдік шешімін бейнелеген. Көрме экспозициясында аталған графикалық топтамалар да ұсынылған.

Нұржамал ӘЛІШ.

## ДОМБЫРА КҮНІ

**Алматыда Ұлттық домбыра күніне орай ұлттық өнер мен мәдениетті дәріптеуге арналған ерекше мерекелік науқан өтті. Қаланың мәдени шығармашылық ұжымдары қала тұрғындары мен қонақтарын ұлттық мерекемен құттықтап, дәстүрлі өнердің көркем үлгілерін ұсынып, көшелерді күй мен әнге бөледі.**



## КҮЙ КҮМБІРІ КЕРНЕДІ

Мерекелік науқан Абай атындағы Қазақ ұлттық опера және балет театрынан басталып, Панфилов көшесі арқылы Арбатқа дейін жалғасты. Ұлттық киім киген өнерпаздар қазақтың дәстүрлі әндері мен күйлерін орындап, ұлттық нақыштағы билерін ұсынып, көпшілікке көтеріңкі көңіл күй сыйлады. Қала тұрғындары мен туристер науқанды қызығушылықпен тамашалап, өнер иелеріне қошемет көрсетті.

Іс-шараға Алматы қаласының жетекші шығармашылық ұжымдары – «Сазген сазы» фольклорлық-этнографиялық ансамблі, Әшімов театрының шығармашылық ұжымы және «Алатау» дәстүрлі өнер театрының өнерпаздары қатысты. Олар халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан музыкалық мұрасын насихаттап, ұлттық өнердің өміршеңдігін көрсетті.

Алматы қаласы Мәдениет басқармасы басшысының орынбасары Арман Халбековтің айтуынша, мұндай іс-шаралар ұлттық құндылықтарды дәріптеп қана қоймай, өскелең ұрпақтың дәстүрлі мәдениетке деген қызығушылығын арттыруға ықпал етеді.

«Ұлттық домбыра күні – халқымыздың рухани болмысын, ұлттық бірегейлігін айшықтайтын маңызды мереке. Домбыра – қазақтың тарихын, тағдырын, дүниетанымын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізген қасиетті мұра. Мерекелік іс-шараның мақсаты – осы құндылықты қала тұрғындары мен жастарға кеңінен насихаттап, ұлттық өнерге деген қызығушылықты арттыру. Алматы – мәдениет пен өнердің ордасы. Сондықтан қалада дәстүрлі өнерді дәріптейтін мұндай іс-шаралар

алдағы уақытта да жалғасын табады», – деді Арман Халбеков.

Алматының барлық ауданын қамтыған мерекелік кештер шаһардың мәдени өміріндегі жарқын оқиғалардың біріне айналды. Әр ауданда өнерпаздардың қатысуымен әсерлі флешмобтар ұйымдастырылды. Әсіресе, қолына домбыра ұстаған бүлдіршіндерді көрген көпшілік ерекше қуанышқа бөленді.

Домбыраның қоңыр үні ұлттық өнердің өміршеңдігін, халқымыздың төл мәдениетіне деген зор құрметін тағы бір мәрте айшықтады. Қазақтың асыл өнері – Ұлттық домбыра күні осылайша кең көлемде әрі жоғары деңгейде аталып өтті.

Дана САДЫРҚАН.  
Сурет: С.СЕРІКБАЙҰЛЫ.